

БІЛІМ

ЖАЛҒАН СЕРТИФИКАТ



Венера Алматова мен Алена Бессарабова – Астанадағы аты дардай медициналық университеттің 7-курс студенттері. Бала күннен дәрігер болуды армандаған бойжеткендер диссертация қорғауға бір ай уақыт қалғанда «еңбегіміз еш болатын болды» деп шырпыр. Неге? Мәселенің мәнін зерттеп көрейік.

ЖАРҒА ЖЫҚТЫ

Дау-дамайдан соң іле-шала брифинг өткізген Астана медициналық университетінің ректоры Мәжит Шайдаров «Бар кінә студенттердің өзінен» деп шорт кесті. Университет басшысының сөзіне сенсек, ол осы резиденттер, магистранттар мен докторанттарды шақырып, сертификаттарының British Council (Ұлыбритания кеңесі) тізімінде жоқ екенін ескерткен екен. М.Шайдаров «Несіне жасырамыз, олар сертификаттын жалған екенін жақсы білді. Біз олардың ар-ұяты оянатын шығар деп күттік. Құқық қорғау органдарының іске араласқанын біле тұра, оқудан кету туралы арызды өздері жазуы тиіс еді. Меніңше, олар өз бетімен арыз жазып, оқудан шығуы керек болатын. Біразы солай істеді. Дегенмен осы күнге дейін 84 адам «сертификатымыз жалған емес» деп жүре берген. Жалған сертификатпен жарға жығылған студенттердің өзімен сөйлесіп, «Сертификатты қайдан алдыңдар?» деп сұрағанымыз, күмілжіп қалды. «Көшеде бір әйел жолығып, сертификат ұсынды» деп жауап берді. Бұл енді баланың сөзі емес пе? Білдей дәрігер болып жүрген адам солай дей ме?», — дейді.

Бұл мәселеге денсаулық сақтау министрлігі мен білім және ғылым министрлігі араласты. Бас ұстаз Ерлан Сағадиевтың айтуынша, студенттердің сатып алған жалған сертификаты IELTS-тің арнайы базасында болмай шыққан. Сондықтан болашақ дәрігерлерді шұғыл түрде жоғарғы оқу орнынан шығару мәселесі көтеріліпті. Ағылшын тілінің халықаралық сертификатын тек әлемнің үш ұйымы ғана береді. Олар — Кембридж, Ұлыбритания кеңесі және Ай-ди-пи. Біздің елде бұл емтиханды Ұлыбритания кеңесі мен Интерпресс орталығында тапсыруға болады. Оның ақысы — 47 мың теңге. Барлық емтихан құжаттары осы үш ұйымның біріне жіберіледі. Нәтижесі тек 14 күн өткеннен кейін ғана белгілі болып, елімізге жеткізіледі.

Осы оқиғадан соң денсаулық сақтау министрлігі медициналық оқу орындарының барлығын тексеруді қолға алмақ. Қажет болса, олардың лицензиясы қайтарылады, маман даярлау мүмкіндігінен айырылады. Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Алексей Цой «Студенттердің жалған сертификат алғаны өте өкінішті. Қазір мәселе егжей-тегжей тексеріліп, істі ішкі істер мекемелеріне жібердік. Бұл жалғыз Астанадағы университет емес, әлі өзге де медициналық оқу орындары осындай тексеруден өтеді», — дейді.

Денсаулық сақтау вице-министрінің айтуынша, жалған құжат алды деп айыпталған тәлімгерлердің екінші рет оқу орнына түсуге мүмкіндігі бар екен. Алайда, тағы бір өкініштісі, университеттен шығарылған студенттердің 90 пайызы мемлекеттік грантпен оқыпты. Енді олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды. Онымен қоса, мемлекетке келтірген шығынды да қайтаруы мүмкін.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

3

КӨРШІН
КІМ?

АРМЯННЫҢ
ҚИЫН ТҮЙІНІ

5

«АНА –
ЖЕР-АНА»

6

«ӨРМЕКШІ
АДАМ» ӨСІРІП
ЖАТЫРМЫЗ

8

on the web
JASQAZAQ.KZ



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
74,56



DOLLAR
327,92



EURO
399,31

АЛТЫН (ун.)
1318,80



ТҮЙТКІЛ



ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП КЕРЕК

Елімізде
2017 жылы қос
азаматтығы
үшін **600-ге
жуық адам**
жазаланды.

(Толығырақ
4-бетте)

АҚТАҢДАҚ



БАТЫРЛЫҚТЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

Өткенді білмей, келешекке көз тастау қиын. Осы тәмсіл барлық халықтарға ортақ. Тарихты таразылау дегеніміз – елдің елдігін көрсеткен, халықтың батырлығын паш еткен ұлы ерлік пен жеңіске тағзым етіп, өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу. Қазақтың арғы-бергі тарихында өшпес із қалдырған тағдыршеш бетбұрыстың бірі – Орбұлақ шайқасы.

(Жалғасы 7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Шын айтатын,
бірінші рет шектім...



(Жалғасы 2-бетте)

ҮКІМЕТ

Елімізде малдың санын көбейту мақсатында фермерлерге 4 пайызбен несие беру жоспарланып отыр. Оған биылдың өзінде 50 млрд теңге бөлінеді. Үкіметтің осы аптадағы отырысында мал шаруашылығын дамытудың бағдарламасы таныстырылды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сәйкес, бағдарламаны жүзеге асыру мал өсірімін деген шаруаларға жол ашпақ. Бағдарлама аясында фермер



ЕТ ЭКСПОРТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

шаруашылығының санын 20 мыңнан 100 мыңға дейін өсуіне, ауыл тұрғындарына жұмыс орнын 100 мыңнан 500 мыңға дейін ұлғайту қарастырылған. Жиын барысында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында «ағарлық сектор экономиканың жана драйвері болуы керек» деген міндет қойғанын еске салды. Қой мен жылқы етінен жасалған өнімдерді Қытайға, ірі және ұсақ кара малды Біріккен Араб Әмірліктеріне жеткізу үшін барлық кедергі алынып тасталған. Жыл соңына дейін Қытайға ірі кара мал өнімдерін жеткізу жұмысы аяқталады. Үкімет басшысы бағдарламада мал шаруашылығын дамытуға арналған кешенді шара қабылдануы қажет екенін атап өтті.

Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Арман Евниев фермерлік шаруашылықтарды қаржыландыру механизмі туралы айта отырып,

жайылымды суландыру инфрақұрылымын салу шығыны әкімдіктер арқылы берілетін, инвестициялық субсидия есебінен жабылатынын мәлімдеді. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ несиелендіру арқылы мал қора, жылжымалы станок сатып алуға несие беріледі. Тұқымдық түрлендіруді жүзеге асыру үшін шаруашылықтар асыл тұқымды бұқаларды бордақылау алаңымен тегін қамтамасыз етіледі. Ірі кара сатып алу «Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша берілетін несие есебінен жүзеге асырылады. Азық дайындау үшін техника лизингке немесе «ҚазАгро» ҰБХ арқылы қарызға ұсынылады. Жиын барысында жалпы аталған бағдарлама аясында атқарылатын жұмыстың бірқатары тізбектелді.

Осыдан кейін Америкалық сауда палатасы ұйымдастырған форум аясында Премьер-

Министрдің орынбасары — ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев жыл сайын 60 мың тонна ет экспорттау бағдарламасы неге орындалмағанын түсіндірді. Құжатта 1 млн ірі кара көрсетілген. Шынтауайында одан әлдеқайда аз болып шығады. Оның айтуынша, бүкіл бағдарлама математикамен түзілген. Алайда құжатта көрсетілген миллион бас болмағандықтан, есептен жаңылады. Сондай-ақ министрдің айтуынша, бұл бағдарлама негізінен ресейлік нарыққа бағытталыпты. Рубль құнсызданғанда, Ресейге ет экспорттау тиімсіз екені белгілі. Дегенмен Ө.Шөкеев импортты төмендеттік деп отыр. Сол уақыттарда елге келетін импорт көлемі 50 мың тонна болса, қазір 15 мың тоннаны құрайды. Министр сыыр етін Қытайға, қой етін араб елдері мен Иранға шығару көзделіп отырғандығын да айтты.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

109

теңге. Павлодар облысында осындай бағадан басталатын 32 жер тәлімі саудаға қойылды

29

млн теңге. Электр қуатын заңсыз өшіргені үшін «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға салынған айыппұл көлемі

13

мың адам. Елімізде екпе егуден бас тартқандардың саны

7 сөз

Еліміз Ресейдің сотталған 242 азаматын кері қайтарды

Аптаның айтысы



Омархан ӨКСІКБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Біз қозғаған мәселе өте маңызды. «Қазақтелеком» мемлекет, халық үшін жұмыс істемей, тек өзінің жеке мақсатын ғана ойлайды. «Қазақтелекомға» барлық құқықты беріп, осы өңірлердегі мәселені шешуді тапсырдық. Бірақ, шын мәнінде, ештеңе өзгерген жоқ. Жақында аймақтарды араладық. Кейбір мектептерде интернет жоқ, тіпті жоспарланбаған. Ауылдық елді мекендердің шамамен 50 пайызы интернетке қол жеткізе алмай отыр. Бізде бір ғана монополист бар. Бұл бәсекелестік жоқ жерде сапалы нәтиже болмайтынын тағы да көрсетті.



Бауыржан ОРЫНБАЕВ, «Қазақтелеком» АҚ бюджеттік мекемелер департаментінің директоры:

жатырмыз. 31 наурызда жоба бойынша төндер жарияланды. Бұған «Қазақтелеком» жеке серіктес ретінде әрекет етуге дайын. Байқау нәтижесі бойынша жеңіске жетіп жатса, жұмысқа кіріседі. Іске асыру мерзімі – үш жыл»



Майра АЙСИНА, Мәжіліс депутаты:

«Бізді бір-екі адам емес, бүкіл республика тыңдайды. Бұл сіздер үшін маңызды мәселе емес сияқты. Шын мәнісінде елді мекендерді ғаламтормен қамту мәселесі өте маңызды. Сіз үш ұсыныстан тұратын тарихтағы ең қысқа мәлімдеме жасадыңыз. Бұл түйтікіге қызығушылықтың жоқтығын білдіреді. Қызығушылық болмаса, ешқандай цифрландыру да болмайды. Мен қарапайым кәсіби этиканы емес, қарапайым патриоттық сезімнің болуы керектігін алға тартып отырмын».

Қызықстан қызықтары

ШЕККЕНІ ШЕНЕУНІКТИҢ ЕСІРТКІ ЕКЕН

Сол ауданның 29 жастағы бас сәулетшісі өткен айда есірткі шегіп алып, қызмет көлігімен жол полицейлеріне ұсталыпты. Көлік жүргізгені күдік тудырған ғой. Медициналық сараптама кезінде Қанат Аханбаевтың қанынан есірткі пайдаланғаны анықталған. Ақмола облыстық тәртіптік кеңес Қанаттың ісін мұқият қарап, қызметінен кетіру туралы аудан әкіміне ұсыныс жасаған. Сөйтіп 3 жыл мемлекеттік

Ақмола облысында Жақсы деген аудан бар. «Жақсы» деген аты қандай жақсы еді! Алайда Жақсының жаман аты шықса, ол жаман.



қызметте отырған жас жігіт жып-жылы орнын босатады. Өзегін есірткінің түтіні мен өкініш өртеген ол «Мариуананы Астанадағы достарым алып келіп еді. Өмірімде бірінші рет шегіп көрдім. Істеген ісіме өкінемін!» депті. Өкінгеннен не пайда?! Лауазым, жұмсақ кресло енді қайтып оралмайды.

Нөлінші сыныпқа арналған оқулықтар бірден латын әліпбиінде басып шығарылатыны туралы ақпарат тарайды. Бұл қаншалықты рас?

Сауалы

Аптаның

Жауабы

Ерлан САҒАДИЕВ, білім және ғылым министрі:

«Латын әліпбиіне көшетін болған соң, оқулықтарды біржола латынша басқан жөн деп санаймыз. Бұл қаражат жағынан тиімді. Сондықтан 2020 жылдан бастап нөлінші сыныптар латын әліпбиімен оқитын болады».

Түйткіл

2005 жылы атажұртқа ат басын бұрған Мәдетбай Серікбаев пен оның жұбайы Гүлнар бізді өзінің шағын баспанасымен таныстыруда. Бір бөлменің ішінде қос қабатты төсек, шкаф пен ас ішетін үстел ғана. Көрші елден көшіп келген қандастар аядай жерді 12 мың теңгеге жалдайды. Өзбекстаннан келгендер сол уақыттан бері тұрақты түрде бір жыл ғана тіркеуде тұрғанын айтады. Атамекенін аңсап әрең жеткенде жайлы өмір сүреміз



Өзбекстаннан келген қандасымыз М.Серікбаев пен оның жұбайы Гүлнар 2005 жылдан бері азаматтық ала алмай жүр



Олардың қатарында аса қауіпті қылмыскер де, қатерлі лаңкес те бар. Мәжіліс депутаты Нұрлан Әбдіров мәселенің басқа қырын көтерді. Оның сөзіне сүйенсек, лаңкестік қылмысы үшін сотталып, Қазақстан азаматтығынан айырылған адамдардың мәселесі соңына дейін шешілмейді. Олар жазасын өтегеннен кейін елімізде қала алады. Сол себепті қоғамға одан әрі қауіп төндіруі ықтимал. Осындайда ебін тауып шекарадан еркін өтіп жатқан мигранттарға қарағанда, өз отанына оралған қандастарымызға қатысты мәселе де жетерлік. Сырттағы ата-анасын, бауырларын осында алдыра алмай жүргендер де кездеседі. Сондай-ақ Қытайдан көшіп келгендер арасында Қазақстан азаматтығын алған, бірақ сол елдегі тұрақты тіркеуден шықпағаны үшін әуре-сарсаңға түскендер де жок емес.

Қазақстан сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Мұхтар Тілеуберді «Қазақстан азаматтығын алып, одан кейін Қытай азаматтығынан шықтық деп паспортын осындағы елшілікке тапсырған.

КӨШІ-ҚОНҒА ТЕМІРДЕЙ ТӨРТІП КЕРЕК

деп ойлаған. Сондай төтті үміттің жетегімен көшіп қондапты. Содан бері 13 жыл өтті. Бірақ азаматтықтың ауылы әлі алыс. Бастапқыда оралман куәлігін алып, қолында бар ақшасына үй алады. Бірақ сол баспананы өз атына аудара алмайды. Өйткені көшіп келгенде алған құжаттың мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен. Үй отағасы М.Серікбаевтің айлығы шайлығына әрең жетеді. Үлкен ұлы жоғары оқу орнында оқиды. Оған да ақша тауып беру керек. Тығырықтан шығудың қандай да бір жолын табу үшін мемлекеттік мекемелердің табалдырығын тоздырыпты. Ай сайын пәтер ақысын төлеу керек.

Мәдетбай қап-қап құжат аркалап, сенделіп жүргенде күнгейдегі пысықай шенділер азаматтықты ақшаға сатпақшы болған. Жуырда Оңтүстік Қазақстан облыстық көші-қон полициясының басшысы Нұрәулет Төлегенұлы қамауға алынды. Лауазымды шенеунік Ауғанстанның төрт азаматын оп-сәтте қазаққа «айналдыру» үшін 33500 доллар пара алыпты. Қазақстан ішкі істер министрлігі көші-



к-кон полиция комитетінің төрағасы Мұрат Қабденовтың айтуынша, қазір бұл іс бойынша қылмыстық іс қозғалған. Алаяқтық жасаған шенді әлгі

Елімізде 2017 жылы қос азаматтығы үшін 600-ге жуық адам жазаланды.

4 азаматқа құжат бойынша азаматтық алып беріп үлгеріпті.

Білдей подполковниктің өзі заңды белшесінен басып отырғанда, басқалар қарап қалсын ба? Соңғы уақытта Қазақстан азаматтығын алғысы келетіндердің көбеюі ақшаға құныққандарға таптырмас олжа. Мәселен, Ауғанстанның 49 азаматы біздің елге келіп, оралман мәртебесін сұраған. Олардың арасында өз елінде қылмыс жасап, іздеуде жүргендері де бар көрінеді. Көлденең көк аттының елге еркін кіріп, заңды белшесінен басуы депутаттарды алаңдатқан сияқты. Жас қазақ ұлттық апталығының өткен санында бұл мәселе көтерілді. Мәжіліс төрағасының орынбасары Владимир Божко Бангладеш пен Ауғанстанның азаматтары біздің аумақты Еуропаға өтетін жол ретінде пайдаланғысы келгенін айтты.

Сорақысы сол, өзге елдің азматтарына оралман мәртебесін алып берумен отандық 85 компания айналысқан. Олар тіпті келімсектердің шекарадан заңсыз өтуіне де қолғабыс көрсетіпті. Ал трансұлттық қылмыстық топтарға елімізді Еуропаға шығатын дәліз ретінде пайдалану өте ыңғайлы.

2016 жылы елімізге 1 млн 445 мың шетел азаматы кірсе, былтыр бұл сан 3 млн 36 мыңға жеткен. Оның 93 пайызы ТМД елдерінен, қалған бөлігі алыс шетелден келгендер (Графика – 1).

Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов «Соңғы үш жылда ресми статистика бойынша, елімізге 5 миллион 600 мыңнан астам шетелдік азамат келді. Оның 90 пайыздан астамы ТМД азаматтары. Негізінен, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстаннан келген. Сондай-ақ, алыс шетелдерден келген мигранттардың қатары көбейеде. Осы уақытта олардың саны 620 мың адамға дейін жетті. Олардың көбі Қытай және Түркия азаматтары» – делі.

Десе де, елімізге келуде құмартып жүргендердің көшін Қытай, Өзбекстан және Бангладеш өкілдері бастап тұр. Шығыстағы көршіден ағылған келімсектер бізде еңбек мигранты ретінде ресми тіркеліп, жұмыс істейді. Ал ала шапандыларды көбіне маусымдық жұмыс қызықтырады.


Деректерге жүгінесек, шекарадан заңсыз өткен мигранттар қылмыстық әрекетке көбірек барады.

2017 жылы 109 мың келімсек әкімшілік құқықбұзушылық жасаған. Басым бөлігі айыппұлмен құтылса, 1698-і қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Ұсталғандардың көбі ұрлық жасап, есірткі сатқандар. Олардың ішінде 14 шетел азаматы ел аумағынан аластатылды (Графика – 2).

Олардың қатарында аса қауіпті қылмыскер де, қатерлі лаңкес те бар. Мәжіліс депутаты Нұрлан Әбдіров мәселенің басқа қырын көтерді. Оның сөзіне сүйенсек, лаңкестік қылмысы үшін сотталып, Қазақстан азаматтығынан айырылған адамдардың мәселесі соңына дейін шешілмейді. Олар жазасын өтегеннен кейін елімізде қала алады. Сол себепті қоғамға одан әрі қауіп төндіруі ықтимал.

Осындайда ебін тауып шекарадан еркін өтіп жатқан мигранттарға қарағанда, өз отанына оралған қандастарымызға қатысты мәселе де жетерлік. Сырттағы ата-анасын, бауырларын осында алдыра алмай жүргендер де кездеседі. Сондай-ақ Қытайдан көшіп келгендер арасында Қазақстан азаматтығын алған, бірақ сол елдегі тұрақты тіркеуден шықпағаны үшін әуре-сарсаңға түскендер де жок емес.

Қазақстан сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Мұхтар Тілеуберді «Қазақстан азаматтығын алып, одан кейін Қытай азаматтығынан шықтық деп паспортын осындағы елшілікке тапсырған.



Бірақ олардың заңы бойынша тұрғылықты тіркеуден шығуы керек. Қандастар шықпаған. Тіркеуден шықпағаннан кейін әлеуметтік төлемдер, зейнетақы есепшотына түсе береді» – дейді.

Арзан жұмыс күші болып саналатын өзбек, тәжік және ауған азаматтарының негізгі мақсаты – маусымдық жұмыспен ақша табу ма, әлде азаматтық алып, шетел асу ма? Осы жағы айқындалуы тиіс. Ішкі және сыртқы көші-қон мәселесі ел қауіпсіздігіне тікелей байланысты болғандықтан, осы саланы мықтап қолға алу қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан күн жылынғаннан бастап құрылыс



нысандарында қаптап кететін мигранттардың кіріп-шығуы мен жүріс-тұрысы реттелуі тиіс. Осындай азаматтық алудағы алаяқтық Мәдетбай мен Гүлнар сияқты қандастарымыздың құжатын дер уақытында реттелуіне кедергі жасайды.



Олжас БАЙЖАН, «Анпап» бағдарламасы КТК

Оқшау ой

Елімізде Наурыз мейрамы бір ай тойланады. Сондықта жатқан қазақтың шапаны мен камзолының да жарыққа шығатыны осы кез. Ал былайғы кезде ұлттық киім киіп жүрген бойжеткен мен бозбала көрдіңіз бе? Ол тұрмақ, ауылда иығынан шапаны түспейтін қарияға да зар боп қалдық. Ұлттық киім іздесеніз, тек театрдан табасыз. Әзілкеш Тұрсынбек Қабатов айтқандай, «Қазақтың ұлттық киімдері наурызда ғана қоймодан шығады. Таңғы сағат 11-ден

киім осы екен» деп үсті-басын түгел бүркмелеп тастайтындар бар. Қазақтың ұлттық киіміне әуес жанның бірі – Ләззат Мырзаш. Қазақы тәрбие көрген ол үстінен казакша көйлегін тастаған емес. Тіпті ең қызығы, ол қасиетті Меккедегі Қағбаны да сол ұлттық киіммен айналып өтіпті. Сонда көп адам «Бұл қай ұлттың киімі, сонда сен казаксың ба» деп сұрап, қызығушылық танытқан көрінеді. Ләззат «қазақтың ұлттық киімін ұлы елге танытып келдім» дейді. Жазира Амантайқызы да ұлттық киімге басымдық береді. Ол – әсем үнімен казак тілінде хабар таратып отыратын, казак радиосының жүргізушісі. Жұмысқа ұлттық киім киіп, әдемі оюмен көмкерілген әшекей тағып келеді. Бірақ бір

КАМЗОЛ КИІП, ҚОРҚОР ШЕГЕТІНДЕР БАР

бастап, түскі 15:00-ге дейін киіп, қайтадан бір жыл саңдыққа салып, сары майдай сақтап қоясың». Жәй ғана өзілдің астарында ашы да болса, шындық бар.

Қазақша киініп, шетелдің биін билейтіндер бар. Ал казактын камзолын киіп, қорқор шеккен жастарға не дейсіз?! «Құдайын құбылалан емес, құмырадан іздегендер-ай» деп қынжыласын. Бұрмелі көйлекпен казактын қызы қазаққа ұқсап жүрсе, ешкім «кой» демесі хақ. Бірақ жастардың көбі шетелдің киімін тандайды. Өзгенің итке таланғандай сән үлгісіндегі жыртқық джинсиын кигеніне мәз. Немесе «жабық

әшекейдің немесе үстіндегі киімнің бағасын естігенде, есенгіреп қаласың. Мұны елімізге танымал дизайнер Евгения Жандарбаева шикізатты шетелден алдыратынымен түсіндіреді. Алайда соңғы уақытта казактын әшекейлері, оюмен көмкерілген футболка, жейделер көптеп шығарыла бастапты.

Бүгінде казактын шапанын бокс пен күреске киіп шығатындардың саны артып келеді. Тіпті әлемге әйгілі жандардың да иығына шапан жауып жүрміз. Кім біледі, казактын ұлттық киімі де бара-бара брендке айналар.

Әсел АСЫЛБЕК, студент

Тақырыпқа орай



JASQAZAQ-TAN САУАЛ: – Күнделікті өмірде қазақы ою-өрнек салынған ұлттық киімді киіп жүргенді қолдайсыз ба?

Еңлік ӘБДІҚАДЫР, журналист:

– Қолдаймын. Дизайнерлер заманға сай етіп, жинақы түрде үйлестіріп тіксе, өрине, киер едім. Кеңседе, тойда, күнделікті өмірде киіп жүру үшін неғұрлым ыңғайлы болғаны дұрыс. Бұған қоса, бағасын да аспандатпай қолжетімді етсе. Қымбат болса, кез келгеннің қалтасы көтермейді. Ал ұлттық нақышта киінген мақтанш сөзімн тудырып, назар аудартады. Қазақ екеніңді сезіндіреді.

Раушан АМАНЖОЛОВА, Ақтау қаласының тұрғыны:

– Көненің ізін жалғаған, дәстүрден ұмыт қалмаған киелі маңғаз Маңғыстауда дүниеге келдім. Бойыма қазақилықты сіңіріп өскен соң, ұлттық киімдерге жаным құштар. Ақ жаулық таққан, бөшпент, көжекөй киен анам мен жеңгелерімді көріп, кеудемде арман пайда болды. Мен де осылай жүремін деген.



Бірақ заман ағымы ілгері келе, күнделікті өмірде киіп жүру қолайсыз болып қалды. Осы себептен қазақ екенімізді айқындап тұратын, ұлтымыздың өрнекті киімдері ұмыт қалып барады. Әрине, өкінішті. Отандық дизайнерлер күнделікті киіп жүруге ыңғайлы етіп, заманауи стильде түрлі киім шығаруда. Дегенмен, қарапайым халыққа қолжетімсіз. Егер де бағалары қалта көтеретін болса, неге киімессең?!

Айгүл ҚОЖАНТАЕВА, Шымкент қаласының тұрғыны:

– Мен ұлттық киімді күнделікті өмірде киюді қолдамаймын. Өйткені ыңғайсыз. Адамның назарын аудартады. Қоғамда барлығы бірдей киінген болса, ешқандай қымысқу болмас еді. Мысалы, Ақтау, Атырауда жаңа түскен көлін ұлттық киім киіп, өрекшеленеді. Ұлттық киімімізді тек Наурыз мейрамына арнап оюлап тастайды. Ал оны сыртқы ортаға киіп шығар болсаңыз, барлығы үркіп қарайды. Болмаса, күйші екен деп ойлары анық. Бізде өзге брендтер сияқты бүгінгі трендке айналдырамыз десек, үлгіні дұрыстауымыз керек. Міне, сонда ғана кию жағын ойланар едім. Жақсылап қолға алына, барлығы қуана-қуана құптайтынына еш күмөнім жоқ.



Сұлтан ӘКІМБЕКОВ,
САЯСАТТАНУШЫ

қиыншылық көрген жоқ. Ол 2008 жылы президент болып сайланысымен-ақ Еревандағы толқуды басты. Еуроодақпен келіссөзден бас тартып, Еуразиялық Экономикалық Одаққа енді. Сөйтіп Арменияның сыртқы саясатында шалт қадамдарға барды. Тіпті, 2016 жылы Армения үшін Карабақтағы соғыс сәтті болмаса да биліктің ұстанымы соншалықты өзгермеді. Анығында, оның жағдайы тұрақты еді. Президенттік

Армениядағы жаппай толқу премьер-министр Серж Саргсянды кетіріп тыңған жоқ. Көпшіліктің назарын аударды. Мұндай шешім осы елде қалыптасқан жағдайға мүлдем кереғар еді.

Қалай дегенмен, Саргсян Арменияда 10 жыл президент болып, билік құрды. Дәл осы жолы премьер болып қалу үшін саяси жүйені реформалауды арнайы жүргізді. Арменияда саяси өмірдің белсенділігі жоғары, биліктің оппоненттері күшті болса да, Саргсян көп



күнне созылды. Нәтижесінде армяндар біраз жерінен, адамы мен техникасынан айырылды. Заманауи қару-жарақпен жабыдықталған Әзірбайжан жасағы майдан шебінде армяндардан әлдеқайда күшті болып шықты. Бұл армян қоғамына өте ауыр тиген жаңалық еді. Дәл осы жерде Армения билігіне Карабақ өкілдерінің келуі олардың топтық бірауыздылығын, аймақтың армяндар үшін маңызды екенін еске ала кетсек. Карабақ тұрғындары 1990 жылдардың басында өз жеріндегі соғысты ұтып қана қоймай, сол маңға тақау Әзірбайжанның алты ауданын тартып алды. Кеңес Одағы күйреп жатқан тұста жүргізілген соғыста «дала командирлері»

жарыққа шықты. Олар Арменияда кеңестік элитамен қатар жанадан қалыптасып келе жатқан қалалық интеллигенцияны да аузына қаратты. Кеңес Одағы тұсында билікке сондай ортадан шыққандар тағайындалды. Карабақтан шыққандардың билікке келуі өз жерін өздері ғана қорғайды деген идеядан туса керек. Арменияда Карабақ мәселесі саясаттағы

басты идея болғандықтан, бұл мәселені тек солар ғана шешеді деген түсінік қалыптасты. Армения сыртқы саясат сахнасында түрлі күштермен арада тепе-теңдік сақтап, көпвекторлы саясат жүргізуге тырысты. Бірақ басты үмітті Ресейге артты. Ресей армиясы Арменияда орналасып, шекарасын күзетті. Осылайша, Армения бағыстан «ежелгі жауы» — Түркия, шығыстан Әзірбайжан қоршап тұрғанда өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Тек оңтүстік-шығыста Иран, солтүстікте Гүржістан орналасып, шекарасын күзетті. Бұл шешім оппозиция тарапынан қатты сынға ұшырады. Бірақ Ереван билігі өз күші мен қабылдаған қарарының дұрыстығына сенімді еді. 2014 жылдың күзінде Украина мәселесі күйіп тұрғанда Ресей посткеңестік кеңістіктегі өзінің мүмкіндігін паш етуге ұмтылды. Сондықтан, Мәскеудің Ереванға қысым көрсеткені айдан анық. Бәлкім, оған ұтымды бір ұсыныс та жасаған шығар. Әйтпесе, Саргсян Еуроодақпен жүргізіп жатқан келіссөзден неге бас тартты?

Бірақ Армения үшін 2014 жылдың күзінде мәселе Еуразия экономикалық одағында емес, Карабақта еді. Ереван билігі Әзірбайжанға ағылып жатқан Ресей қаруына қатты алаңдалы. 2014 жылы

оның көлемі күллі Кавказ үшін орасан зор еді. Бұл жерде әңгіме «Смерч» зымыраны, басқарылатын снарядты әрі ірі калибрлі артиллерия, тіпті танк сияқты жойқын шабуыл қарулар жөнінде. Әрине, Әзірбайжан осыншама қаруды әскери шеру үшін



сатып алған жоқ. Оны пайдаланатын жалғыз жер Карабақта еді. Әзірбайжанның әскери күші өскен сайын Армениядағылар қауіпсіздік кепілі ретінде Ресейге арқа сүйеуді ұйғарды. Бәлкім, Мәскеудегілер Ереванға осылай деп уәде берген болуы да ықтимал. Шамамен, Мәскеу Арменияға да дәл Әзірбайжандағыдай қару беріп, тепе-теңдікті қамтамасыз етеміз деген де шығар. Оның өзінде қаруды не тегін беруге, не Ресейдің ішкі бағасымен, яғни, арзан бағамен бермекші болды. Соғысушы жақтың біріне қаруды қымбатқа сатып, екіншісіне тегін беру мәселесінің өзі Ресей мүддесі тұрғысынан алғанда ерекше құбылыс.

Арменияның Еуразиялық одаққа қосылуы неге аппаратының Әзірбайжан да жақсы түсінді. Бакуді Арменияның Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына (ҰҚШҰ) мүше болуы да мазасыздандыра қойған жоқ. Себебі, ол ұйым Арменияның ішінде болып жатқан қауіп-қатерге ғана араласды. Карабақ пен Армения басып алған аумақтар ҰҚШҰ-да қарастырылмайды. Бірақ Арменияның ЕАЭО-ға мүше болуы тек қару-жарақ алумен ғана ерекшеленген секілді. Өйткені, Әзірбайжан қару-жарақ саласында үстемдігінен айырылды. Бірақ мұндай келісімдерді жүзеге асыру үшін уақыт керек-тұғын. Сондықтан 2016 жылдың сәуірінде Әзірбайжан Арменияға орыс қаруының келуін күтпестен шабуыл жасады. Бұл Саргсян үшін ауыр соққы боп тиді. Оның Ресеймен тығыз қарым-қатынас орнатуға ұмтылған әрекеті бәрібір, Әзірбайжан тарапынан жасалған соққыдан құтқара алмады. Оның үстіне, армян қоғамында Ресей саясатына қатысты сын айтыла бастады. Саргсян Мәскеумен бірлесіп, осы кемшілікті сылап-сипап жіберуге тырысты. Оған қол жеткізді де. Қару сатып алу туралы келісімге қол қойды. Бірақ армяндардың көкірегіне бұл оқиға ұмытылмай қалып қойды. Сөйтіп, Саргсян билікте қалу үшін премьер-министр орынғағына ауыспалық болып, тактикалық тұрғыдан қадам жасағанда әлгі ыза сыртқа бүрк ете түсті. Осы жерде Арменияның қауіпсіздігі мен экономикасы үшін Ресейдің орны аса маңызды екенін айтқан абзал. Сондықтан, Армения әрдайым Ресейдің жетегінде жүреді. Бұл деген армяндар «сателлит» болғысы келеді деген сөз емес. Арменияда ЕАЭО-ны осы мәселе бойынша сынаиды. Саргсян билікте одан ары қалса, бұрынғы ескі саясатын жалғастырып отыра береді деп сенеді. Бұрын армяндар Карабақ үшін Саргсянның көп әрекетіне көз жұмып қарап келсе, 2018 жылы шыдам да, тәзім де таусылды. Көкейкесті, күрмеуі көп түйіндер алдыңғы кезекке шықты.

Армян қоғамы мен элитасы Саргсян мен оның саясатынан шаршады дегуе толық негіз бар.



Қазіргі тарихи сәт болмағанда ахуалдың бұлай түйінделмеуі де мүмкін еді. Ресейдің жағдайы шатқаяқтап тұр. Мәскеудің назары одан да маңыздырақ бағыттарға — санкциялар мен Сирияға ауған. Сайып келгенде Армения Ресейдің назарынан тыс қалып қойды. Тіпті, Мәскеу ендігі жерде ЕАЭО тағдырына да мықтап бас қатыра қоймайды.

Ал Армения болса, 2014 жылдың күзіндегі жағдайды қалпына келтіргісі келеді. Қауіпсіздігін ойлап, ЕАЭО-дан шыға қоюы екіталай. Бірақ енді бұл ұйымда бұрынғыдан да салмақты болуға тырысалы.



Біз үшін енді Армения да ЕАЭО-дағы көпвекторлы саясат ұстанушы бір мемлекетке айналады. Бұл дегеніңіз Еуразиялық Экономикалық Одақ саяси деңгейге өтпестен, экономикалық ұйым болып қала береді деген сөз.

ШАРТАРАП

Әскери міндет ұзартылды



Өзбекстанда әскерилердің қызмет ету мерзімі ұзартылды. Сондықтан зейнеткерлікке шығу жасы да ұлғайды. «Жалпыға ортақ әскери міндет және әскери қызмет туралы» және «Өзбекстан қарулы күштері резервіндегі қызмет туралы» заңға енгізілген түзету 19 қазанда күшіне енеді.

Құжатқа сәйкес, кіші офицерлер (лейтенант, аға лейтенант, капитан, капитан-лейтенант) үшін әскердегі қызмет екі жылға, зейнетке шығу жасы 43-тен 45 жасқа дейін ұзартылған. Ал аға офицерлердің барлығына (майор, подполковник, полковник, 3, 2 және 1 дәрежелі капитандарға) зейнетке шығу жасы 50 жыл деп белгіленді. Бұған дейін майор, подполковник пен 3-ші және 2-ші дәрежелі капитан 45 жаста зейнетке шығатын. Генералдар құрамы үшін 60 жаста зейнетке шығу бұрынғыша қалды.

Емдеуден бас тартты



Тәжікстан билігі жаралы ауған жауынгерлерін өз аумағында емдеуден бас тартты. Бұдан былай Тәжікстанның Ауғанстанмен шекаралас аймақтарында орналасқан медициналық мекемелер көрші елдің балалары мен жүкті әйелдерін ғана емдейді.

2012 жылдан бастап атыста жараланған ауған жауынгерлерін, сонымен бірге солтүстік аймақтардағы шекара қызметкерлерін Хатлон облысы мен Таулы Бадахшан автономиялы облысындағы ауруханаларға жеткізіп, емдеп отырған.

Тәжікстан шекара қызметі келтірген дереккөзде «Біздің ауруханаларда негізінен ауған шекарашылары емделеді. Біз мұны парыз ретінде есептедік. Өйткені олар шекараны күзетеді. Ауғанстаннан қарулы топ елге кіріп кетпеуін қадағалайды», — деген.

Көйлек пен шашқа шектеу

Түрікменстанда әйелдерге тар көйлек киюге тыйым салынды. Бұдан былай көйлектің ұзындығы тобыққа дейін жетіп, тек аяқ киім ғайқен» көрініп тұруы керек.

Женінгі ұзындығы саусаққа дейін жетеді. Бірақ бұған жастар қарсы уәж айтып отыр. Ашхабад тұрғыны «Мен 20 жастамын. Сонда әкемнің әжесінің көйлегін киюім керек пе? Келесі шектеу қандай болмақ? Пәэрәнжі киеміз бе?» деп ашуланады. Сондай-ақ, қыздар сұлулық салондарында сары шашын қара түске бояп әлек. Сұлулық салондағы шаштараз «Сарғыш түсті бояуды каталогтан алып тастауды бұйырды. Мұндай түс ер адамның көзін арбап, жаман ойға итермелеуі мүмкін екен» дейді. Талап заңды күшіне енген жоқ. Дегенмен халық арасында ауызша тыйым салынып, тұрғындар оны бұлжытпай орындауда.

Дереккөзі: баq.kz

Байланыс

23 сәуірден бастап жылдың соңына дейін Астана мен Алматы арқылы үшінші елдерге отандық әуекомпаниялармен транзитпен ұшатын Ұңдастан азаматтарына 72 сағаттық визасыз тәртіп қолданылады. Тиісті қаулыға 10 сәуірде қол қойылды.

«Әір Астана» Алматыдан Делиге күнделікті, ал Астанадан аптасына 3 рет жайлы да заманауи Airbus және Embraer ұшақтарымен қатынайды. Екі елдің астанасын байланыстыратын тікелей рейс 2017 жылдың ортасында ашылған. Бұл туралы «Әір Астана» АҚ Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі департаменті хабарлады.

Алматы-Дели бағыты бойынша эконом-кластағы және бизнес-кластағы екі жаққа билет құны тиісінше 83 200 және 390 498 теңгеден басталады. Астана-Дели бағыты бойынша 83 052 және 390 351 теңгеден басталады.

Екі ел арасында әуебайланыстың басталған сәтінен 570 мыңға жуық жолаушы және 5,6 мың тонна жүк тасымалданған. Делиден транзиттік жолаушыларға Киев, Ыстамбұл, Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Новосибирск, Бейжің, Үрімші, Тбилиси және Бішкек қалаларына қолайлы рейстер ұсынылады. Жалпы «Әір Астананың» транзиттік ағыны 2018 жылдың қантар-наурыз кезеңінде өткен жылдың іспеттес кезеңімен салыстырғанда 62% ұлғайған, яғни қазір жалпы жолаушы ағынының 30% құрайды. Сондай-ақ Қытай азаматтарына осындай визасыз тәртіп қолданылады.

ҮШ КҮН ВИЗАСЫЗ





ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ!

Шыңғыс Айтматовтың республика театрларында көрсетілген көптеген шығармаларының ішінде қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театры қойған «Ана – Жер ана» (1964 ж.) сахналық жүйесі ерекше орын алады. Автордың «Құс жолы» (қырғызша «Саманшы жолы») повесінің желісі бойынша Львов Анохин жасаған сахналық жүйені Қалтай Мұхамеджанов тамаша, әрі мазмұнды аударған. Қоюшы режиссері Ә.Мәмбетов, суретшісі А.Ненашев, музыкасын жазған Ғ.Жұбанова және барша актерлер жұмылып, ерекше дайындықпен, жанын сала іске кірісті. Толғанай рөлі Сәбира Майқанова мен Фарида Шәріповаға берілген. Енді актрисаға домыл тауып отыру жоқ. Қуанышынан гөрі қайғысы мол соғыстың қасіретті кезеңдеріндегі ел күрсінісі мен қайғысына ортақтасқан Толғанай рөлі ауыр сезімдерге құрылған. Басында күрделі рөлді

меңгеру актрисаға өте ауыр тиген. Дайындықты қалай бастарын білмей ұзақ толғанды. Режиссер С.Майқановамен жұмыс істеуді доғарды. Тек жас актриса Ф.Шәріповамен көп уақытын өткізетін. Спектакль қолға алынғаннан бері театрдың ішінде үлкен мереке болып жатқандай күй орнаған. Күндіз-түні дайындық. Инсценировканың оқиғасы қызықты,

Төрт бірдей арыс ана жүрегін күйдіріп, мұңға батырады. Азалай Толғанай Жер-анаға қайғы-қасіретін жеткізіп тұр. Осы бір көрініске кеудесін жара күрсінбеген көрермен болған жоқ. Ана жүрегінің осы бір зілзала ауыр қасіретін бірге көтеріседі олар. Шебер актер әрдайым көрермен сезімін осылай баурап, толғандыратын болар.


Алғашқы сахналарда Толғанай – Сәбираның бойынан анаға тән әсемдік қасиетті байқаймыз.

Тағынан ақ ормалы жарасым тауып, күлімдеп жастық шағын еске алады. Жүзінде ерекше нұр ойнайтындай. Әлі еш тауқымет басына түспеген Толғанайды балалары мен жары Сыбанқұл қасында уайымсыз жүрген үй шаруасының ұйтқысы ретінде танымыз.

Оқиға күрделенген сайын Толғанай – Сәбираның көңіл-күйі күрт төмендеп, өзгеріп сала береді. Шашы ағарған, қабағы шытылып, әбден шаршаған, шалдыққан күйде ол сұм соғысқа тісін қайрап, отты көздерінің қияғымен алысқа көз тігеді. Ел қамын ойлаған, еңбеккер ананың жанарынан қырағылық пен үрейді қабат көреміз. Енді не болар екен? – деген сұрақ үнемі дамыл таптырмай, титықтайтып баралы. Қанша қиындық көрсе де мойымауға бел буған. Тіпті менменшілдігі де жоқ емес. Майқанова сомдаған Толғанай Сенің қиянат қайғына көне қоймаспын, Соғыс! – деп қайтпас қайсарлық танытады.

Сыбанқұлды майданға аттандыратын сәті, үлкен ұлы Қасым мен жұбайы Сыбанқұлдың қазасын естірту кезіндегі Толғанайдың жан азабын С.Майқанова көрермен қауымға сол табиғи қалпында әсерлі етіп жеткізді. Қарт Толғанайға: – Ауданнан келген бір бастық шақыралы. Сені алып кетуге келдім, – дегенде үлкен көздері тұңғыққа батып, түк түсінбеген ол сұраулы кейіпте шалға қарайды.

– Атыңнан түс Толғанай, мұндайда жаяулатып, аттан түсіп жүрмесе болмайды дегенде-ақ, бір жамандықтың



қаталдығын жеңе білген, мейірімді ана. Ананың мейірімі жеңбейтін дүние жоқ. Сәбира – Толғанай асқан мейірімі арқылы Жер-анадан да басым түсіп отыратын. Көптеген театрлар бұл спектакльді қойса да, С.Майқанованың Толғанай рөліне көтеріле



«АНА – ЖЕР-АНА»: СӘБИРА МАЙҚАНОВА ТОЛҒАНАЙ РӨЛІНДЕ

әрі мағыналы болғандықтан, актерлер де ыждағаттылықпен дайындыққа жұмыла кірісті.

С.Майқанованың қалыпты дағдысы бойынша пьесаның сөзін, айтар ойын жан-жақты талдап түсінбейінше, біртіндеп бойға сіңірмейінше сөз жаттамайды. Шығарманы бүкіл жан-дүниесімен сезініп, жалдына түйе бастаған кезде сөз түйдек-түйдегімен өзі-ақ тілге оралады. Бірақ бұл жолы асауша ұстатпайтын аталмыш рөл көпке дейін маңына жолатпады. Актрисаның безгісі келді бұл рөлден. «Ш.Айтматов жасаған биік тұлғаны одан әрі жетілдіре, жандандыра аламын ба, алмаймын ба, режиссердің ойынан шыға аламын ба?» (С.Майқанованың қолжазбасы. Аналар тұлғасы, әрқайсысының мінез-құлқы) деген күдіктердің де болғаны рас.

...Бір күні аяқ астынан күтпеген күш пайда болды. Сабасына түсіп, іске кірісуі керек. «Менің рөлді шығаруым режиссерге ғана керек емес, өзім үшін», – деген оралымды ой келген. Сол күннен бастап өзін-өзі аяусыз қамшылаумен болды. Түн жамылып үстел үстіндегі шамның алдына келіп отырады. Ешкім мазаламайтын жеке бөлмеде таңға дейін Толғанай рөлімен жұмыс істейді. Бұл енді күнделікті әдетке айналды. Түні бойы әрбір сахнаны бөліп-бөліп оқып, монологтарды шығару жолында тер төгеді. «Анамыз Толғанай рөліне дайындалғанда біздің үйде артық дыбыс шықпайтын. Сыбырласып сөйлеп, аяғымызды ұшымен басатынбыз», – дейді актрисаның қызы Гүлдер Әбдірқызы.

Жайнақ кеткен сон айтылатын монолог мүлде шығар емес. Бес күн өтті, әуреленуде. Төккен тер бекер кеткен секілді. Алтыншы түн дегенде алам айтқысыз ерекше сезім баурап, өзін-өзі билеп алған әрбір сөз әсерлі айтылады. Кейбір жерлерінде көзіне жас үйіріліп, ағыл-тегіл жылап жібереді. Бұдан былай режиссерде актриса әрекетіне деген сенім пайда болды. Рөл толық жасалып бітті. Енді актриса Толғанайдың бітім-болмысын дұрыс түсінді.

Әрбір актерді жеке зерттейтін режиссер Сәбира апайдың баладай қызба, жанып түсетін мінезін дөп басып, әдейі назардан тыс қалдырыпты. Осының арқасында актриса бойында отты намыс пайда болды. Толғанай бітігіне өзіне шықты, жан-дүниесін өзіне бойлады. Қағылез режиссер осындай жағдайдың боларын алдын-ала білген болатын. Актрисаның ішкі жан-дүниесі бай, туып тұрған талант екеніне шүбе келтірмеген. Байқағанымыздай, бұл – сұңғлыа режиссердің актермен жұмыс жасаудағы бірегей жолы.

Сәбира Майқанова толығымен шабытына енген. Бұрынғы ойналған аналардың рөлі үлкен кейіпкерлерге салынған жол іспетті. Бүкіл ойы, өмірі Толғанай деп ұққан. Ерен еңбегі еш кеткен жоқ, керісінше жаңа түсті. Міне, актриса жасаған Толғанай осындай үлкен қажырлы еңбекпен келген.

Сахнадан шашын қырау шалған ана көрінді. Кең дала, бидай сабақтарымен көмкерілген егісті алқап. Қатгез тағдыр тауқыметі әбден қажытқан. Ол өзінің көкірегіндегі шерін, мұң-зарын Жер-анаға айтып, шағынып сөз сатпайды.

Толғанай ананың шейіт кеткендері көп. Жаны бірге, жар жұбы – Сыбанқұл, өркендері – Қасым, Майсалбек пен Жайнақ. Отан үшін шайқаста оты ерте өшкен арыстар.

болғанын жүрегі сезгендей. Түймелері ағытулы күпәйкесі алқам-салқам болып, ескі салы орнамалы қобырап кеткен актрисаның үлкен ойлы көздері мұңға толып, даусы қалтырап – Ол не дегеніміз? Мынауыңызға түсініп тұрған жоқпын – деп жүре сөйлеп, құлағым не есітіп тұр, сенейін бе, сенбейін бе дегендей бей-жай күй кешеді. Тәттіректеп, шалға қарай аяғын әрең басалды. Бір сәтке есінен айырылғандай үнсіз тұрып қалып, не істедім енді? Ендігі өмірім не болады? Қу құдайға не жазып едім?! Ішкі сарайындағы көңіл-күйді бет-әлпетінен айқын аңғартатын. Бұған қоса музыканың азалай үні естілгенде бар дүние күніреңіп, азан-қазан болатын. Дәл осы сәтте сіз актрисамен бірге қайғырып, қан жұтқандай боласыз. Қуаныш лебі де, қасірет шеккен сәттері де бәрі актердің өз басынан дәл осы минутта өтіп жатқандай әсер етеді көрерменге.

Толғанайдың ортаншы ұлын ойнаған актер Жұмабай Медетбаевтың еске алуында: «Соғысқа шығарып салатын сахнадағы балаға, перзентке деген елжіреуі, ұлына деген аналық қасиеті ерекше болатын. Ананың балаға деген махаббатын жеткізу әркімнің қолынан келе бермейтін. Апа! Апа! – деп құшақтағанымда, жаным менің деген қимастықпен қоштасуы, басымды сипауы тек менің ғана бойымды шымырлатпай, көрерменнің алпыс екі тамырын иіліріп, толғандырмай қоймайтын. Ұлынан келген хатты пошташы оқып тұрады: «Менің тірі оралым неғайбыл дүние. Мен онда шабуыл кезінде көп адамның өмірін сақтап қалуға барамын. Халық үшін, жеңіс үшін барамын. Бұл менің ең соңғы хатым, ең соңғы сөзім» (пьесадан үзінді), – деген жолдарына келгенде үлемеі тұрып-ақ, бет-әлпетінің сан құбылып, бірде жылап, бірде қайсарланып, ал бірде жаны жабырқап, ойлануына залда отырған халық солқылдап, егіліп отыратын. Өмірде көлікке зорға мініп-түсетін анамыздың киелі сахна төрінде өзін сергек те жеңіл ұстайтынын көргенде актрисаға төңірінің берген қасиеті екен ғой деп танданатынымыз» (Ж.Медетбаевпен сұхбат. 05.07.2002 жс), – дейді актер.

Осы орайда режиссер Қ.Сүгірбековтің ойымен бөліссек: «Сәбира апайдың Толғанайы сол уақыттың

шығармашылық шыны болып саналады. Осы қойылым сахнаға шыққан күннен бастап басылым беттерінде, ақпарат құралдарында талай дуалы ауыз мамандар ұжымның өнердегі табысы ретінде бағалап, ой топшылауларын, лебіздерін білдірді. Сондай зерделі пікірдің бірін «Ана – Жер-ана» мақаласында Борис Львов-Анохин айтқан еді. Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-ана» шығармасы бойынша Мәскеудің К.С.Станиславский атындағы драма театрында спектакль қойған театр маманы: «Қазақтардың қойылымы біздің сахналауымызға мүлдем ұқсамайды. Мұның өзі назар аударарлық жәйт. Спектакльдің қоюшы режиссері Ә.Мәмбетов пен суретші А.Ненашев асқан тапқырлықпен, пәрменділікпен сахнадағы оқиғаны дұрыс жасап шыққан. Ш.Айтматовтың повесі жан тебіренерлік, сахналық нақты шығармаға айналды. Толғанайдың қиын, әрі күрделі бейнесін С.Майқанова трагедиялық негізде сенімді әрі көтеріңкі көңіл-күйде алып шыққан. Оның жуан, қоныр дауысында бейбітшілік ісін қорғаушы, балаларын қолынан құлып алып бара жатқан сұм соғысқа қарсы тұрған ананың жан-жарасының сыздауы мен ашу-ызасының сарыны бар. Ананың монологы, күрсінісі, наразылығы тым әсерлі. Әсіресе оның жаңа жиналған дәннен сол мезетте пісірілген таба нанды қастерлеп, аса бір мейірімділікпен бетіне басу сәті адамның жан-дүниесін қозғайды» (Бел-белестер. Алматы: Өнер. – 1987. – 286 б. Құраст. Б.Құндақбайұлы), – жеп жазғанды.

Театр маманы Б.Львов-Анохин өзінің сахнадағы қойылымымен қазақстандық өнер иелерінің табысты жұмысына баға беріп, салыстыра отырып ой түйеді. Режиссер мен суретші жұмыстарын бағалай отырып, Толғанай кейіпіндегі актрисаның шебер ойыны мен оның бейнесін сомдау барысындағы көңіл-күйін дөп басалы. Сырлы суреткер өнері көрерменнің қиялын тербеп, ой үстіне ой тудырады. Саф өнерді қолға қондыру әркімнің қолынан келе бермес. Оған барынша тазалық, адамгершілік, темірдей төзімділік керек. Сәбираның Толғанайы қасірет шеге жүріп, қайраттандады. Адамзаттың асыл анасына айналады. Барынша шынайылықпен рөлге енген ол оқиғаны басынан өткеріп, бейнелеу емес, сол Сәбираның өзі соғыс зардабынан бағы тайып, қара жамылған күлді жесір-жетімнің жиянтық тұлғасына айналғанды. Қарапайым әйелдің бітім-болмысымен


бүкіл ел басына түскен қасіреттен, тағдыр тауқыметінен морт сынып кетпей, керісінше қинала жүріп жігерленіп, шындала түседі. Бұл үшін актриса өзінің қиын-қыстау күн кешкен жылдарын, яғни өткен өмірін зердесінен өткізіп, сарапқа салады. Өзіне таным, замандаш аналар тағдырын ой елегінен өткізді ол. Адам төзгісіз қасіретті жылдарында қайта өмір кешкендей болған. Шерлі шындықпен астасып жатқандықтан да Толғанай тұлғасы елдің, адамзаттың анасындай биік тұғырға көтерілген. Бұл рөл жасандылықтан ада. Барлығын актриса шынайы өмірден, басынан өткен қатал тағдырдың парақтарынан алынып отыр. Сондықтан да халық Сәбира өнеріне сенеді. Бірге күрсініп, бірге қабырғасы қайысады. Көрермен Толғанаймен бірге соғыс кезіндегі зұлматты оқиғаларды басынан өткереді. Мұндағы адамдық тамаша қасиет, елге туған жерге, отанға деген махаббат, асқан сүйіспеншілік, аналық нәзік сезім адам жанын тебіренетпей қоймайды. Өйткені бейне трагедиялық шыңына жетті. Актриса өзін Толғанай сезінді. Басиесінен, балаларынан айырлған мұңлық соғыстың бар зардабын мойнымен көтерген. Қара қағазды алған сайын, еті өлген көңбіс ананың жылай-жылай жасы құрғаған Толғанайдың мұңлы көздерінде қайғы тұнып тұр. Жанарындағы сұм соғысқа деген лагнетін жактырмай, жиірене, жирене қараған окты көздері арқылы білдіреді. Жо-жок, балаларын тартып алып, қатал тағдыр сағын сындырмақшы. Отан үшін, ел үшін қан төгіп жатқан балаларының әруағы разы болсын деп, белі бүгілсе де қайыспай жүрген қайсар ана.

Бұл рөл үлкен шығармашылық ізденіспен келген дүние болғандықтан мәңгі есте қалады. «Ана – Жер ана» қойылымы отыз жыл бойы сахна төрінен түскен жоқ. Актрисамен бірге ширек ғасыр өмір сүрді. Көрермен де ұлы өнерпаздың ойынын көруден жалыққан жоқ, актриса жалықтырмайды. Толғанайды көптеген жылдар бойы ойнағанымен, әр қойылымға тың, аса жауапкершілікпен, монологтарды қайта пысықтап даярлықпен келетін. Өйткені ол рөлдің кірпігіне кірбін түсіргісі келмейді. «Толғанайды мен рөлім демеімін, өзімнің тағдырым, өзімнің күйзелісім, өзімнің қуанышым деп есептеймін», – дейді актриса. Осы біраз ғана лебіздің өзінде қаншама астарлы сыр жатыр. Өз рөліне деген асқан махаббат пен құрмет байқалады. Осы орайда жасырмай ашық айтатын бүкпесіз сырды жайып салатын болсақ, дәл қазіргі кезде осындай актрисалар тым аз деуге болады. Өз рөліне деген махаббат пен құрмет болмайынша тамаша образ жасалуы мүмкін емес. Кейінгі буын актерлер С.Майқанованың жоғарыда аталып өткен асыл қасиетін өзіне үлгі етіп ала қанибеге емес пе.

Сахнадағы өмір мен актриса табиғаты астасып, бүтін тұлғаға айналып кеткен. Айта берсек небір құпия сырды аша түсуге болады. Актриса Толғанай образын сомдаудан екі күн бұрын ешқайда бармауды, ешкіммен тіл қатыспауды дағдыға айналдырған екен. Бірақ кейде мұнысы іске аса бермейді. Күнделікті тіршіліктің күйбеңімен әлек. Бұл қағылез актрисаның өзгелерге ұқсамайтын жеке басына тән сыры. Өркес сахнаға шыққанда өзін-өзі ұстауы жүріс-тұрысы қандай болмақ, актерлік ойыны несімен ерекшеленетінін ой елегінен өткізіп, жан-дүниесін Толғанай кейуананың жүрегімен ұғыстырып үндестіреді.

Иә, Толғанай бейнесі актрисаның бағын ашты. Әлемге аты мәшһүр жазушы Ш.Айтматов: «Айтсам мақтанғандай болмайын. Жазылуында жетіспеушіліктер болған шығар, қазір жазсам басқаша жазар едім. Бірақ менің ойымды

Майқанова толықтырды», – деп актрисаның зор талантын мойындап айтып жүрген екен. Ш.Айтматов – ұлы суреткер. Ондай адамдардың әр нәрсеге көңілі толуы қиын болады. Осы сөз актрисаның



шығармашылық өміріне шуағын шашып, қанат бітірді. Толғанай рөлі арқылы актерлік өнердің биік шыңына көтерілді. Бұл рөлді ойнағанда үш сағатқа жуық сахнада болады. Тіпті өзін-өзі ұмытып, спектакльдің қалай біткенін білмей қалатын. Бұл қойылыммен талай жерлерді аралады. Франция, Қазан, Уфа, Ташкент, Мәскеу, Бішкек, Орынбор т.б. Жалпы бұл жетістіктердің бәрі шығарманың ұлылығы, актрисаның туып тұрған таланты, режиссердің ерекшелігі мен мықтылығы.

«Ана – Жер-ана» қазақ театрың шырқау биікке көтерді, бүкіл әлемге танытты. Басылымдар бірін-соң бірі жазып қойылымды құбылысқа теңеген. Бұл үлкен баға. Франсияның Нанси қаласында әлемдегі ұлттық театрлардың Фестивалінде, сондай-ақ Иранның Шираз қаласында өткен Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің халықаралық театр фестивалінде «Ана – Жер-ана» спектаклі көрсетілгені мәлім. Оны жалғыз Иран жұртшылығы ғана емес, теледидар арқылы дүние жүзінің көптеген елдерінің көрермендері тамашалады. Оларды риза етіп, қатты таң қалдырған нәрсе – Толғанай ерек образлық бейнесі. С.Майқанованың табиғи талант, дархан дарыны осы қойылымда бұрынғыдан да даралана түсті. Фестиваль күндері әлемнің әр түкпірінен Толғанай – С.Майқановаға деген ризашылық, жүрек жарды лебіздер, алғыстар ағыла айтылып жатты. Шетел жұртшылығы Қазақстан артистерінің шынайы өнері шындалған шеберлігіне сүйеніп сезім білдірсе, театрдың үлкен абыройға бөленуіне КСРО халық артисі С.Майқанова мен режиссер Ә.Мәмбетовтің қосқан үлесі орасан зор.

Актриса аналар образына ат үсті келген жоқ, бүкіл қайрат жігерін жұмсады. Соның ішінде Толғанайы бір төбе, өзге рөлдері бір төбе. «Жеке жасалған, дара бейне», – деп халық бұл рөлге баға берген. Бірте-бірте актрисаның жан-дүниесі мен Толғанайдың қасір-қасиеті бір тұлға болып, біте қайнасып жатқан кәдімгі рөлге айналады.

Мәншүк ТӘШІМОВА, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, театртанушы

Ақтаңдақ

(Басы 1-бетте)

Аз күшпен көп жауға төтеп беріп, батырлық дастанын жазған қаһармандық дастаны, сөз жоқ, әлемдік ұрыс тактикасының ғаламат шежіресі деуге әбден лайық. Одан кейінгі соғыстарда қазақ сарбаздары қолданған ұрыс жүргізу тәсілінің қайталануы пікірімізге дәлел болса керек. Биыл, сол Орбұлақ шайқасына 375 жыл толып отыр. Осыған орай, Оңтүстік Қазақстан облысында айрықша іс-шара өтті. «Ұлт тарихындағы Орбұлақ шайқасы: Ұлы жеңістің ақиқаты және маңызы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда айтулы оқиғаның мән-маңызы, қадір-қасиеті жөнінде тағылымды ой-пікір айтылды, көкейге қонымды ұсыныс ортаға салынды.

Мәдениет және ақпарат министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қоры ұйымдастырған басқосуға елімізден және Өзбекстан менҚырғызстаннан белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар мен журналистер қатысты. Жиында сөз алған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Орбұлақ шайқасының маңызына жан-жақты тоқталды. Ол өз сөзінде «Елбасымыз «Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау қажет. Сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың» – деген болатын. Тарихта ерекше із қалдырған, қазақ халқы үшін азаттық жолындағы Ұлы жеңістердің бірі және бірегейі – Орбұлақ шайқасы. Бұл – ұлттық тарихтың жауынгерлік даңқ шежіресінде ерлік пен қаһармандықтың және отаншылдықтың өнегесі болып айшықталып қалады. Бүгінгі ғылыми жиын Орбұлақ шайқасындағы Ұлы жеңіске 375 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр», – деді.

Ғылыми-теориялық конференцияда Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов «Орбұлақ шайқасының әлемдік тарихи маңызы» атты баяндама жасады. Сондай-ақ республикалық «Ардагерлер ұйымы» төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев «Орбұлақ шайқасындағы Ұлы жеңіс және рухани жаңғыру тарихи сабақтастығы туралы баяндап, қиянкескі айқас туралы құнды да қызықты деректер келтірді.

Орбұлақ шайқасы – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұзаққа созылған азаттық соғыстарының бірі. Бұл 1643 жылдың жазында Салқам Жәңгір хан басқарған 600 қазақ жауынгері мен 50 мың жоңғар қолын басқарған Батыр хонтайшы арасындағы шайқас. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ жауынгерлері жоңғардың 50 мың әскерін Орбұлақ тұсында тоқтатып, 10 мың әскерін жойған. Сонау Самарқаннан 20 мың қолды бастап Жәңгірханға көмекке атақты Жалаңтөс батыр келеді. Мұндай соққы күтпеген әрі біраз әскерінен айырылған жоңғарлар шегінуге мәжбүр болады. Алғысөзіміздің басында Орбұлақ өзені бойындағы соғыста қазақ қолының керемет ұрыс тактикасын қолданғанын айтып едік. Оқырман бұл жөнінде толыққанды мағлұмат алын деп танымал ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбаевтың «Орбұлақ шайқасы – ерлік үлгісі» атты мақаласын ықшамдап беріп отырмыз.

Сол күні киелі Қазығұрт тауының етегінде, Шымкент – Ташкент тас жолының бойына Орбұлақ шайқасының ұлы жеңісіне қолбасшылық еткен Салқам Жәңгір хан мен Жалаңтөс Баһадүр бабаларымызға арналған ескерткіш қойылды. Осы арада аталған сәулет туындысының орнатылуына және Шымкенттегі халықаралық конференцияның өткізілуіне қашанда ізгіліктің істің басы-қасында жүретін белгілі меценат, бекзат болмыс иесі Бекет Тұрғараұлының өлшеусіз еңбегі сіңіргенін ерекше атап өткен жөн. Ұлттық болмысымыз, туған тарихымыз, мақтан тұтатрлық тұлғаларымызды дәріптеу, қалың көпшілікке таныту сияқты жауапты да сауапты іске осылай ел болып, тайлы-таяғымызбен жұмылғанда ғана нәтиже болады.

Срайыл СМАЙЫЛ

Орбұлақ шайқасы туралы алғашқы деректерді жеткізуші – тарихшы И.Фишер. Осы шайқас оқиғалары төңірегінде орыс тарихшылары – А.Левшин, И.Златкин, А.Чулошников, В.Моисеев, ал қазақ ғалымдары – М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Асфендияров, С.Сейфуллин, И.Ерофеева әртүрлі мәліметтер қалдырған. Алайда олар ұрыс өткен жер жағдайы хақында нақтылап айтпайды. Қазақстандық тарихшы Виль Галиевтың «Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы» кітабында: «Орбұлақ шайқасы Жетісу Алатауының батыс бөлігіндегі Сатылы тауынан басталатын Кескентерек өзенінің оң жақ саласы Орбұлақта (Тасбұлақ) болды», – деп қана көрсеткен.

Жазушы Қалмұқан Исабаевтың зерттеуінше, шайқастың тау койнауында болғаны жайында тұңғыш деректі жазып қалдырушы



Бекет ТҰРҒАРАЕВ,
«Жеті жарғы» және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының төрағасы, профессор:

Биыл 2018 жылы XVII ғасырдағы атақты Орбұлақ шайқасындағы Ұлы жеңіске 375 жыл толып отыр. Бұдан 25 жыл бұрын, яғни 1993 жылғы 7 маусымда ҚР Министрлер Кабинеті «Орбұлақ шайқасының 350 жылдығы туралы» қаулы қабылдаған болатын. Үкіметтің сол қаулысында Орбұлақ даласында халқымыздың азаттығы мен бостандығы жолында ерліктің ғажайып үлгісін көрсеткен: әскербасы Салқам Жәңгір, алшын Жалаңтөс, шапырашты Қарасай, арғын Ағынтай, алшын Жиәмбет, қаңлы Сарбұқа, найман Көксәрек, дулат Жақсығұл, суан Елтіңді және Көтен, Табай атты қарғыс сарбаздарының есімдері атап көрсетілді. Осынау тарихи мерекеге арналып еліміз көлемінде бірқатар игілікті іс-шаралар атқарылды.

— Тобыл әскербасшысы Р.Куракин.

Куракинге қазақ-калмақ соғысы жайындағы мәліметті жеткізген Тобылда қызмет еткен, Ресейдің Жоңғарияға барған елшілері Г.Ильин мен К.Кучелов. Олардың 1644 жылғы хабарламасында: «Біз барғанда хонтайшы ұлысында болған жоқ... 50

Жәңгір — арғы бабасы Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы, Жошы ханның Орда Ежен атты үлкен ұлынан тарайды. Жошы хан — XIII ғасырдың басында Дешті Қыпшақтың немесе қазақ ұлысының алғашқы билеушісі болса, Орда Ежен — Жошы Ұлысының сол канатының билеушісі ретінде тарихтан белгілі. Арғы аталары Орыс хан мен Барак хан — Алтын Орда тағының қаһарлы хандары болған. Кейінгі кезеңде Алтын Орда мемлекеті ыдырай бастағаннан кейін, Қазақстан аумағында құрылған мемлекет — Ақ Орданың әр жылдардағы хандары болған. Төртінші атасы Жәнібек хан — Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі, ал әкесі — Есім хан — «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атауымен, «Есім ханның ескі жолы» деген сөз тіркесімен қазақ тарихында қалған белгілі хандарымыздың бірі.

Шыңғыс ханның 17-ұрпағы болып саналады. Қазақтың әйгілі хандарының тікелей ұрпағы. Елін-жерін жауға бермеген көкжалдардың тұқымы.


Жәңгірдің 1635 жылғы соғыста калмақтар қолына тұтқынға түсуі — қазақ-жоңғар қатынасындағы аса ірі халықаралық оқиғалардың бірі болған еді. Ол 7 жылдай тұтқында болған. «Бір жамандықтың бір жақсылығы бар» демекші, жоңғарлардың әскери тактикасын іштен көрді, ойына тоқыды. Кейін оның бәрі көдеге асты. Жәңгір Хүнделен тайшымен достасып, оның өкіл баласы болады.

Жәңгір сұлтанның қазақ қоғамындағы алатын орнын білген Батыр хонтайшының қарсыластары Жәңгірді өлтірткізбей, керісінше, онымен жақындасуды, одақтасуды ойластырады.

БАТЫРЛЫҚТЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

мың әскермен Казак ордасының Жәңгір сұлтанымен, Жалаңтөспен және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен» — деп жазылған. Олардың меңзеп отырғаны, әрине, Орбұлақ шайқасы.

Орыс елшілері өздерінің естеліктерінде Жоңғар қолбасшысының он жарым



мындай әскерін казактармен шайқаста жоғалтып, түтігіп, шаршап-шалдығып күзгі суық түсе келгенін жазды. Мұны зерттеушілер Орбұлақ шайқасынан кейінгі жағдай ретінде бейнелейді.

Тарихи жазбалар бойынша, Орбұлақ шайқасы жайында мыналарды білеміз: Есім ханның ұлы Жәңгір шығыстан төнген жоңғар қатерін көзімен көріп, қазақ руларын біріктіруге, басқыншыларға бірлесе қарсы тұруға ұмтылады. Бұхара өміршісі, алшын батыры Жалаңтөс баһадүрге хабарласып, көмек сұрайды. Бірақ өзге жақтастарын төңірегіне топтаған Батыр хонтайшы Жәңгірдің қазақтарды біріктіру жоспарын жүзеге асырмау мақсатында 50 мың колмен жедел жорыққа шығады. Жәңгір шұғыл әрі батыл шешім қабылдап, қазақ жеріне ішкерілеген жоңғарлардың жолын кесу үшін бітелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанады. Кейбір деректерде осы 600 сарбазды 800 деп те көрсетіп жүр. Батыр хонтайшы мылтықпай қорғанған ор бекініске шабуыл жасайды. Сол сәтте Жәңгір жауға ту сыртынан лап қойып, оқ жаудырады. Осы кезде Самарқандтан алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың колмен көмекке келіп, 10 мыңнан аса адамынан айырылып, күйрей жеңілген жоңғарлар кері шегінеді.

«Орбұлақ шайқасы» аталған оқиғаның қысқаша мән-жайы осылай. Әрбір тарихшының баяндауында аса өзгешелік жоқ. Ендігі мәселе осы шайқастың тууы мен оған қарсы тұрған қазақ қолының ерлік жігері, жеңіске жету сырлары сынды қатпары қалың тарихи оқиғалардың тереңдей зерттелуі қажет болмақ.

Бұл арада Салқам Жәңгірдің тарихтан алатын орнынң ерекше болғанын алдымен ауызға алуға тиіспіз. Біздің ата тарихымызда бір жеке адамның тұтас халықтың тағдырына, өміріне, болашағына ерекше ықпал еткен сәттері көп болған.

Осылайша, Жәңгір сұлтан жоңғар тұтқынынан жоңғарлардың өз қолымен босап, туған еліне аман-сау оралады. Жоңғар тайшыларының арасынан өзіне одақтас тауып, 1643 жылғы Батыр хонтайшы әскеріне қарсы тұрған Орбұлақ шайқасына көптеген қажеттілік пен мүмкіндік табады. Жау жағдайы мен өзінің қарсылық қуаты хақында да ішке түйгенінің көп болғаны шүбәсіз.

Батыр хонтайшының қазақтарға қарсы жорығы 1643 жылдың қысында басталып, 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылады. Жоңғарлар Тянь-Шань қырғыздары мен Жетісу елінің казактарына қырғдай тиіп, қырғынға ұшыратады. Он мындай тұтқын Жоңғарияға жөнелтіледі. Жорықтың алғашқы кезеңіндегі жеңіске масайған хонтайшы қазақ жеріне ентелеп, дендеп кіре бастайды. Дәл осы кезде Жәңгір хан жауды Орбұлақта қарсы алуға кіріседі. Ол жоңғар әскерінің саны, бағыт-бағдары мен жоспары жөнінде үнемі хабарлар болып отырған. Бұл Жәңгірдің Хүнделен тайшымен достығының нәтижесі екені даусыз. Жәңгір сұлтан барлау мәліметтерін ұямыда пайдаланып, жауға қарсы тұратын ыңғайлы, ұрымтал жерді көрегендікпен талдайды.

Жауды шығалап, тар қысаңға кіргізеді. Әр түрлі амалмен осқауыл қойып, олардың әлсіз тұсын дәл табады.

Бірнеше апта бойы тар жерге кептеліп, камалған жаудың қалың қолын қазақ сарбаздары үздіксіз шабуылмен титықтатып, орасан зор шығынға ұшыратады. Жәңгір бастаған қазақ қолы Орбұлақтың қия беткейіндегі 600 қойтасты паналап ор қазып алып, жауын ұлы жебемен қарсы алады. Сонымен қатар сасыктеке деген гүлдің түтіні де пайдаланған. Ұлы жебемен жауын сеспей қатырса, сасыктеке деген гүлді суға қайнатып, оған шүберек малып кептіреді де, от тұтатып, жел жақтан ұлы түтін жібереді. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Костокты батыр 600 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Қазақ қолының аз екенін білетін жау жапырып тастамақ болып лап бергенде ұлы түтінге, онан соң ұлы жебеге ұрынады. Міне, осындай амал-айла арқасында калмақ қолы көп шығынға ұшырайды. Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлеріне ұлы түтін әсер ете қоймайды.

Уланғандары кымыз бен мөңдуананы араластырып ішіп, тазарып аман қалады. Ал аттары уланса, тұмсығына қойдың құйрық майымен ұрып тазарталды. Жараланғандарды,

TARİH



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



уланғандарды арнайы қалағалап, құтқару жұмысымен айналысатын әртүрлі емшілер тобы да ерекше қызмет еткен.

Соғыс өнері хақында А.Левшин: «Ол ашық шайқастан қашып, аздаған адамдарының бір бөлігін екі таудың арасымен сайға орналастырды. Олар жерді терең қазып, биік қорған дуалын жасады. Ал жауынгерлердің екінші бөлігі таудың арғы жағында тығылып отырды. Жоңғарлар қорғанға таяп келіп, оған шабуыл жасады. Көп адамынан айырылған соң, оларды қоршап алуға алаңның тарлығы мүмкіндік бермеді. Сол кезде Жәңгір олардың ту сыртынан шабуылдады. Ойламаған жерден болған соккының, әрі жауынгерлердің батылдығының арқасында, мылтықтарының өте сапалы болуынан Батур хонтайшыға қатты соккы берді», — деп жазған еді.

Жоңғардағы орыстың елшісі, Тобыл казактарының атаманы Гавриил Ильиндер де бұл жайында «Жәңгір тастардың арасынан бекініс қазып, оған 300 адамды отырғызып қойды. Өзі 300-дей әскермен тастың арғы жағында оларды қорғауға дайын тұрды. Тайшы атты әскерімен бекініске шабуыл жасады. Сол бекіністе хонтайшының көптеген адамын жойып жіберді» — деген дерек қалдырған.

1643 жылғы Орбұлақ шайқасында қалың колмен жеңіліс тауып, абыройдан айырылған Батыр хонтайшы 1652 жылғы жорықта қалай болса да Жәңгір ханды өлтіріп, кек алмақшы болады. Сол үшін де ол арнайы мерген- садақшылардан алам дайындап, оларға ұрыстың қызған кезінде қазақ ханының жанына мүмкіндігінше жақын барып, өлтіруге тапсырма берген. Осылайша, ерлігімен, ақылымен, еліне деген шексіз адалдығымен артына өшпес із қалдырған, халқы үшін жаумен алысып, арпалысып өткен қазақ ханы — Жәңгір нағыз ерлерше, хас батырлардай қан майданда шаһид болды.

Тактикалық әдіс түрінде Орбұлақ шайқасы күштерді біріктіре білгендікті көрсетті. Қазақ хандығының әскери өнерінің тарихында тұңғыш рет оклана (*окон*) қазып, соғысу сынды әдіс-тәсіл қолданылды. Қазақ шежірелерінде және халық аңыздарында соғыс Жоңғар Алатауының етегінде, Орбұлақ өзенінің бойында болған. Яғни қазіргі Алматы облысы Алтынемел асуында. Бүгінде ол жерде осы шайқастың құрметіне орнатылған ескерткіш бар.

Осындай ұлы жеңістен кейін Жәңгір «Салқам» (*айбатты*) деген құрметті атқа ие болып, «Салқам Жәңгір» атанды. Шешуші кезеңде жауынгерлерді жігерлендіріп, өзінің тікелей басшылығымен, ерлігімен сарбаздарын жұлдырқтай жұмылдырды. Осы ерекшеліктерімен Орбұлақ шайқасында көзге түсті. Қазақ жауынгерлері жан аямас ерлігімен өз жерінің тәуелсіздігін және халқының бостандығын қорғай алатындығын қан майданда дәлелдеді. Шайқас қазақ халқының тарихындағы аса ірі жеңістердің бірі әрі бірегейі болды. Аталмыш шайқаста да Жәңгір ханның әдіс-тәсілі бойынша жауды тау ортасындағы сайға тығып ойсырату амалы пайдаланылған екен.

Жеңіске жетуге жер қойайлығын тиімді пайдалану да ерекше рөл ойнаған. Мұндағы соғыс өнері ежелгі Грекиядағы 300 спартаидыңардың жауды жеңу техникасына сай келеді. Бірақ Жәңгір бастаған қазақ қолының ерлігі спартаидықтардан да асып түскен. Тарихта атақты Леонидтің 300 әскермен парсының жиырма мың колмен шайқасқаны жайлы дерек бар.

Енді қазіргі таңда бұл шайқастағы ерлік аңызға айналып, бүкіл әлемге әйгілі болып отыр. Голливуд бұл жөнінде 3 шикді фильм түсірген. Бұл да ұлы ерлікті насихаттауға қосылған үлес.

Орбұлақ шайқасы туралы бүгінгі ұрпақ қаншалықты терең біледі? Бұған нақтылы жауап беру, әрине, қиын! Осы бір тарихи оқиға мен ондағы ірі тұлғалар бейнесін мәңгілікке есте сақтау үшін Салқам Жәңгір мен Жалаңтөс баһадүрдің ескерткіштері мен «Орбұлақ шайқасы» болған орынның ескерткішін де «Қазақстанның қасиетті жерлері тізіміне» кіргізіп, арнайы қорғауға алу лазым. Сонда ғана ол елдіктің енесі ескерткіштерінің бірі ретінде мәңгілікке қала береді. Орбұлақ шайқасы туралы кинофильм түсіру, оны ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажет.

Бүгінгі жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімі — тарихты, туған жерді сүюден басталады. Осы тұрғыдан келгенде, бабалардың Орбұлақтағы батырлығы жастарға сабақ болатындығы ақиқат. Ата-бабаларымыздың ерлік іздері және оның жарқын мысалдарының бірі болған Орбұлақ шайқасы бізге соны ұқтырады.



Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



ӨЙТҮРТКІ

Күнделікті әдетімізбен ұлым мен қызымды балабақшаға апара жатқан бөтім. Балабақша Азия мен Еуропаны жалғап жатқан Атыраудағы көпірдің арғы бетінде болғандықтан, такси ұстаймыз. Жүргізуші аға еңгімешіл кісі екен, көлікке отырған беттен ұлымды сөйлетіп, сұрақтың астына ала бастады. «Атың кім? Кімнің баласысың? Өскенде кім боласың?» деп жатыр. Білмей қарағанда, көз көлген қазақтың баланы көргенде қоятын көп сұрағының бірі. Бірақ ұлым «Атым – Әлішер. Өскенде «Өрмекші адам» боламын» деген кезде, шыны керек, өзім не дерімді білмей қалдым. «Неге Толағай болмайсың? Ол тау көтереді ғой» дедім еңгімеге араласып. «Ол ұша алмайды, қолынан тор шығара алмайды» деп кесіп тастады балам.

Өзгеден бұрын өзіме аян. Менің балаларым таңнан көшке дейін телефонға үңіліп отыратындардың санатынан емес. Кейде балабақшадан өртерек алып, жұмысқа әкелген кезде ғана телефон қарайды. Онда да 15-20 минут. Бірақ, не құдіреті барын қайдам, таңдаулары міндетті түрде не мені, не мағынасы жоқ өлгі өрмекші адамнан басталатын видеоларға түседі.

«САҚАУ» ВИДЕО ЕРЛЕП ТҮР

Jonny! Jonny! Yes papa! Екі жастан асқан балалардың бәрін аузында қазір осы ән жүр. Осы енге жазылған youtube желісіндегі дыбыссыз видео бүгінде мультфильмдердің орнын алмастыра бастады.


Бала біткеннің барлығы телефонның ішіне түсіп кететіндей болып үздіге қарайтын видеоға көз салсаңыз, не мағына, не мән таба алмай, дал боласыз. Кішкене жүгірмектер иә әкесінің, иә анасының жасырып қойған тәттілерін, сусындарын тығып жейді немесе тентектігін жасайды. Бірін-бірі қайталайтын видеоларда өзгеріп отыратын кейіпкерлер ғана. Кішкене баладан бастап, әйел болып киінген еркек, иә келіншектер мен ерлер.




СІЗ НЕ АДЕЙСІЗ?

Одан қалды Bad baby деп басталатын түсірілім хикаялары да балдырғандарымыздың Youtube желісіннен іздеп тауып алатын видеосына айналды. Онда «Өрмекші адамнан» бастап, су перісі сияқты түрлі кейіпкерлер бейнеленеді. Мұнда да шығғы «сақаулар» бірін-бірі ұрады, не тапаншамен атады, әйтеуір, мәңгісіз қойылымдар музыка желісімен жалғаса берді. Ертегі тыңдау өз алдына, бүлдіршіндердің тәрбиелік мәні бар мультфильмнен гөрі, есесоктық пен қатыгездікке баулитын видеоларға қарай ансары ауып тұруының себебі неде? Әлде балапандарымыз үшін лайықты мультфильм ұсына алмай отырмыз ба? Осы сұраққа

POSTCARDKZ



Талғат ӘШІМОВ – кәсіби фотосуретші. Баспагер-журналист. Еліміздің қайталанбас табиғатын шетелдік басылымдарда танытып жүрген дарынды әріптесіміз. Талғат Post Card.kz айдарымен Іле Алатауының әсем көрінісін назарларыңызға ұсынады.



ok, Kazakhstan!

О'кей, Қазақстан! Осы сөзді елімізге қайта келуді жоспарлаған шетелдік достарымыз жиі айтады. Олар таңғажайып табиғатымызбен мейірімді адамдарымызға әрдайым тамсанады. Осы орайда біз де өз туған жеріміздің қайталанбас, керемет жерлерінің топтамасын құру арқылы Қазақстанды таныстырып өтейік.

Тұйық Су шатқалы
Іле Алатауының солтүстік беткейлеріне көктем келді. Мұнда жаз мезгіліне дейін қар жауып, алматылықтар мен оңтүстік астананың қонақтары таулардың керемет көрінісін тамашалай алады.



ҚазҰУ-да V Халықаралық Фараби оқуларының ауқымды іс-шарасы өтті. Осы орайда, ҚазҰУ ғылымдарының ҒЫЛЫМИ-зерттеу жұмыс қорытындысы шығарылды.

Нәтижесінде, Web of Science және Scopus дерек қорларында индекстелетін халықаралық басылымдағы жарияланымдар саны жылдан жылға өсіп келе жатқандығын атап өткен. Мысалы, халықаралық



Жеңіске жетелеген жол

Химия және химиялық технология факультетінің профессоры Г.Мун интерполимер кешендері ғылымындағы танымал көшбасшы болып табылды. Ғылыми әлемдегі беделді Web of Science агенттігінің мәліметі бойынша, Мун және оның шәкірті В.Хуторянский осы ғылыми жобада бірінші орынға табан тіреген. Осылайша, ректор, академик Ғ.Мұтанов басқарған ғылымдар тобы әлемдік деңгейдегі АҚШ-тың 3 патентін иеленді.

«Өрмекші адам» өсіріп жатырмыз



мекендейді. Венди қыз бен жарылқаушы Сынғыр фея – Питердің достары. Олар үнемі ғажайыптар әлемін теңіз қарақшыларынан құтқарып жүреді. Шотландиялық автор Джеймс Барридің пьесасының желісімен түсірілген мульттоптамма кішкене көрермендерін ғажайыптар әлеміне жетелеп әкетеді.

«Дара және оның достары» мульттоптамасы – американдық режиссер Шери Поллак түсірген кассалық өнімдердің біріне айналды. Әлемнің әр түрлі еліне, тарихи орындарға, қалаларға саяхат жасайтын Дара қызықты мәліметтермен бөліседі. Әр сериясына 22 минут бөлінген фильмінің басынан аяғына дейін Дара балаларға түрлі сұрақ қояды. Сөйтіп жүріп, торға түскен құсты, ханшайымды, өзге де кейіпкерлерді құтқарып, бүлдіршіндерді осы арқылы қайырымдылыққа, ізгілікке тәрбиелейді.

АЛПАМЫСТАН НЕСІ АРТЫҚ?

Бірақ жоғарыда аталған тізімдегілердің барлығы дерлік – шетел өнімдері. «Өрмекші адам» мен «Трансформерлер» туралы таңнан кешке дейін әңгімелеп беруге дайын

балаларымыз қазақтың ертегілерінен қаншалықты хабардар? Қиын сұрақ.

Рас, «Балапан» арнасы қазір кішкентай көрермендері үшін «Әли мен Аяя», «Балапан және оның достары», «Қошкар мен тек» сынды отандық мультфильмдерін жасап шығарды. Ауылдағы ата-әжесінің тәрбиесінде жүрген ағалы-қарындасты туралы баяндайтын «Әли мен Аяя», достықты насихаттайтын «Балапан және оның достары», жануарлардың адам алдындағы достығы, жамандық пен жақсылықтың тартысы көрсетілетін «Қошкар мен тек» – тәп-тәуір өнімдер. Арасында «Астана» телеарнасынан көрсетіліп тұратын «Алдар көсе» анимациялық фильмін негізінен мектеп жасындағы балалар сүйсініп көреді. Алайда батырлар туралы әңгіме болғанда, сол баяғы «Өрмекші адам» мен роботтардың күшін алға тартатын балаларымызға есіл ерлеріміздің даңқын дәріптеуге не кедергі болып отыр? Ертегі жок

СІЗ НЕ АДЕЙСІЗ?

Дариға ЖҰБАНОВА, ата-ана:

– «Балапан» арнасы қазір мультфильмдерден гөрі, авторлық бағдарламаларды көбірек назарда ұстайтын болып жүр. Ол дұрыс та болар. Дегенмен балаларға бағдарламадан гөрі, мультфильм әлдеқайда қызығырақ қой. Қанша дегенмен, онда қиял-ғажайыптарға орын бар. «1001 сұрақ», «Шытырман», «Аспаз мектебі» сияқты бағдарламалар уақыты келген кезде, балаларым еріксіз басқа арналарды қарайды. Сол баяғы Nickelodeon, CN. Сөйтіп, «Губка Бобтың» сиқырына түсумен көш батады. Айтайын дегенім, отандық арналар аудармамен ғана шектелмей, қазақстандық мультфильмдер, анимациялық фильмдер түсіруге көбірек мән берсе екен.

дейін десек, «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай» ертегілері, «Алпамыс батыр» сияқты жырлар тұнып тұр. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың ауыз әдебиеті дайын тұрған сюжет пен сценарийге толы. Бірақ, бірақ...

Баян ЖАНҰЗАКОВА, Атырау облысы

ЕСКЕ ААҰ

«Дәуір» баспасының газет басу цехында 20 жыл көлемінде ауысым шебері болып қызмет атқарған Айдар Әубәкіровтің өмірден өткеніне 1 жыл толуына байланысты, әріптестері марқұмды сағына еске алады. Айдар марқұм жете алмай кеткен биіктеріне, көре алмай кеткен қызықтарына артында қалған – екі ұлының жетуіне Алла Тағала нәсіп етсін!



Қамал алар қырық жастан жана асқан, Қамқоршым ең ағайынға қарасқан. Құдай қосып, үйленсек те көшірек Жұбайлар ек дәм-тұзымыз жарасқан.

Әпкелерің жоқтайды өлі бауырын, Бәрің қиып кеткенің бе, жарығым? Талай жылдар еңбек еткен «Дәуірің» Қалды ойсырап, өттең, сенің орның.

Жыласақ та орның еш толмайды Ұрпақтарың ізінді әрі жалғайды Қабыл болып, барлық дұға тілектер Алдың пейіш, артың кеңіш болғай-ды!

Еске алушылар: Жұбайы, «Дәуір» баспасының қызметкерлері

Бас редактор – директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН – арнаулы тілші Әбдіманап КЕҢЕС – жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК – Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН – Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №16904-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен бірге «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар. Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2113; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 40 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
--	---	--	--	---